

**«Общественная позиция»  
(проект «DAT» № 05 (42) от 3 февраля 2010 г.**

DAT, ТАҚСЫР!

**Дулат ИСАБЕКОВ, жазушы:  
БІЗДІҢ ҚАЗАҚ ТҮЯҚ СЕРІППЕЙ,  
ҮНСІЗ ЖҰТЫЛЫП  
КЕТЕТИН СИЯҚТЫ**

«DAT, тақсыр!» айдарының бұл сандағы кейіпкері – белгілі жазушы Дулат Исабеков. Ел-жүртқа онсыз да етене танымал шығармашылық табыстарын айтпағанда, Дулат мырза – қоғамдық ортада өзінің үнін жиі-жиі естіртіп жүретін, заңғар зиялышы қасиетін сақтаған, халқының қам-қарекетіне жаңы ерекше ауыратын азамат. Оның сөзі билікке де, оппозицияға да өтімді!

**НАЗАРБАЕВТЫҢ ОППОЗИЦИЯЛЫҒЫ ТУРАЛЫ**

**Дулат аға, Алматыда 30қаңтар күні «Азат» партиясы үйымдастырыған митингіден сізді көре алмадық қой... Бұрындары мұндай қоғамдық жыныннан қалмауши едіңіз...**

– Иә, бара алмай қалдым. Оным митингіден қашқандық емес. Пенде болған соң, бітпейтін қу тіршілік қалмайды еken. Кейде соның қамымен жүріп, қажетті қарекеттен де қалып қоясың. Әдетте, митингіні кім, қандай мақсатта үйымдастырса да, қалмауға тырысамын. Себебі, айтылған сөзді біреу арқылы естігеннен ғері, өзің барып көргенге не жетсін! Бірақ осы реткі митингіден бір себепке байланысты қалып қойдым. Ермек Қарпықов деген заң саласында қызмет еткен сыйлас бажам бар еді. Сол азамат жуырда 49 мүшел жасында кенеттен қайтыс болып, митинг өткен күні қырқы беріліп, сол жаққа бардым. Әйтпесе үкіметтен қорқып, оппозициядан бой тасалап қалған жайым жоқ.

**– Дегенмен өзіңіздің көп әріптестерініздің «оппозиция», «митинг», «демократия» десе, үркө қарайтыны қупия емес қой, аға...**

– Халық арасында «оппозиция» мен «демократия» деген түсніктердің теріс қалыптасқаны рас. Ел-жүрттың сөзін, шындықты айтқандар бірден «қызылкөз» атанып, оппозицияшыл болып шыға келеді. Ал өркениеті дамыған елдерде бәрі керісінше. Мәселен, бүгін тақтан түскен президент ертең-ақ өзінің оппозицияға кеткенін жариялады. Одан үркіп жатқан ел, бүлінген билік жоқ. Әдетте, шетелден бәрін үйренуге құштармыз. «Американдық ұлттың» да өзімізге үлгі еттік қой. Ал демократияға келгенде, кегежеміз кері тарта қалады. Жалпы, демократияға қадам басудың аса қыындығы жоқ немесе оған ұзақ уақыт дайындық та қажет емес. Айталақ, бармақ бастылық қылмай, әділ

сайлау өткіз, міне, бұл – нағыз демократия. Оппозицияшыл – халық сөзін, жоқ-жітікті, кемшілікті, шындықты айтатын адам болса, онда ең бірінші оппозиционер президенттің өзі болмай ма. Кейде Назарбаев кейбір мәселелер төнірегінде оппозициядағы азаматтардан да ашы сөйлейді.

– *Иә, оны көріп жүрміз... Былайша, халықты мазалаған мәселені айту – зиялышының ғана парызы емес, бірінші кезекте азаматтық міндет емес пе, Дулат аға!... Мәселен, Төлен Әбдіков, Қойшығара Салғарин, Қоғабай Сәрсекеев, Әкім Тарази, Қадірбек Сегізбаев, Қалихан Ысқақов сияқты сіздің замандастарыңыз неге бармайды сондай митингілерге, неге батырып сөйлемейді деп ойлайсыз?*

– Бұлардың біразы Астанада тұрады, сондықтан да митингіге келе алмаған болуы керек. Өз пайымым бойынша, Төлен, Қойшығара және Қоғабайлардың позициясы белгілі. Яғни бұл азаматтар «доктрина дауы» кезінде халық жағында болды. Сонысымен-ақ зиялышылығын таныта білді деуге болады. Ал мына менің ағаларым - Әкім Тарази мен Қалихан Ысқаққа келер болсам, екеуі де «жатыптар» сияқты. Үнемі тасада тамашалап тұрғанды ұнатады. Сырттай қызықтайды. Жайшылықта өздері сөйлеп кетсе, «ауыздыға – сөз, аяқтыға – жол бермейтін» нағыз жүйріктер. Жуырда өздерінің газеттерінде Тұрсынбек Кәкішевтің «Жағымпаздық – қанымызға сіңген қасірет болды» деген тамаша сұхбаты жарияланыпты. Профессор айтқан жағымпаздар осы азаматтар ма дейін десен, екеуі де: «Өмірімізде ешкімге бас иіп, жағымпазданған жан емеспіз», – дейді. Ұлттық мәселені сөз етсөн, оның тарихын, болашағын екеуінен артық бірде-бір жазушы білмейді. Әсіресе Қалихан ағам Қазақстандағы халықтың ғана емес, жан-жануарлар мен құрт-құмырсқаның тарихын да жақсы біледі. Сұрасан, құрбақаның да шығу төркінін тізбелеп беретініне шек келтірмеймін. Мағаия Абайұлының «Медғат Қасым» поэмасында:

*«Батпадыым. Алмағаның арашалап,  
Батты маған тұрғаның  
тамашалап», –*

деген, сүйк суға тұншығып жатқанда айтқан өлең жолдары бар. Сол сияқты, менің Мемлекеттік сыйлық алған екі ағам да үйінде отырып, сырттай тамашалағанды жақсы көреді. Бірақ ниеттері дұрыс. Солай болса да, қазақтық, ұлттық мәселелерден төбе көрсетпегендеріне, Халық жазушысы болған соң, халық алдына шығып, сөз сөйлемейтіндеріне қынжыламын.

– *Жазушы десеніз, тағы да өзінізге тиеді...*

– Өзіме тиетін болған соң айтамын. Биылғы 16 желтоқсанда алаңда болдық қой. Сол жерде ақын Қазыбек Иса: «Дулат аға, Қазақстанда 700 жазушы бар, бірақ алаңнан 7 жазушы көріп тұрғамын жоқ», – деп құлген. Соңғы кездері осы «жазушы» деген үғымды түсінбей бара жатырмын. Халықтың сөзін сөйлемеген, ұлтпен бірге болмаған адам қайтып жазушы бола алатынына таңым бар? Дәл қазіргідей ел басына күн туып отырған шақта мен үшін шебер жазушыға қарағанда, азаматтық үні бар адам

қастерлі. Ұлты неміс Герольд Бельгерді осындай кезеңде қазақтың 10 жазушысына айырбастамас едім. Себебі, ол қазақ руханиятына өз жазушыларымыздан артық үлес қосып отыр. Сондай азаматқа Мемлекеттік сыйлық бермей отырганымыз – ұятты жағдай. Жуырда Павлодарға барып қайттым. Қалалық театрда мениң төрт спектаклім қойылды. Торайғыров атындағы оқу орнында студенттермен кездесуім өтті. Сонда менен оқытушылар мен студенттер жер мәселесін сұрап, оппозицияның әрекетін білгілері келді. «Өз жерінді қорғағаның үшін «қызылкөз» атанип, оппозициянер болсан, онда кеудесінде қазақтың намысы, қаны бар барлық қаракөз – оппозицияшыл ғой!» – дедім. Біздің қоғам кешегі Кеңестік дәуірдің шапанын қайтадан жамыла бастаған сияқты. Шындықты айтқан кісі – жаман адам. Кешегі Кеңестік билік шындықты айтпай, жамандықты жасырғаны үшін күйреді емес пе. Біздің үкімет содан неге сабак алмайды екен?

(Соңы 12-бетте)

### **БИЛІКТІҢ БАСЫЛЫМДАРЫ – БИЛІККЕ ҚАС**

**Біздің газет ел азаматтары ашынған сөзін айтсынши деп, «Дат, Тақсыр!» деген арнайы айдар ашты. Бірақ билікке қателігін айтып, тік сөйлейтін азаматтар азайған сияқты, айтатын адам таптай қиналышп жүрміз. Оңашада кіжінбейтіні жоқ, аузына диктофон тоссан, тұра қашады. Сіз сияқты ақиқаттан аттамайтын азаматтар неге азайып кетті деп ойлайсыз?**

– Бұл – Кәкішев ағам айтқан «жағымпаздықтың», «құлдық сананың» салдары. Басқа себеп жоқ. Дәл бүтінгі күні шындықты айтудан қорқатындардан қорқу керек сияқты. Өйткені олар жеме-жемге келгенде, өз басын ғана сауғалап кетеді. Әдетте, көп зиялды қауым Шахановтың қазақшыл, халықшыл позициясын қолдайды. «Шаханов айтсын, біз тілек特斯із» деп отырулары мүмкін. Бірақ шешуші кезеңде жалт беруі де ғажап емес. Егер ойламаған жерден билік оппозицияшыл бола қалса, біздің сол жағымпаз жазушыларымыздың бәрі бір-ақ күнде сол оппозицияның жыртысын жыртып, қарасына қосыла кетеді.

Әңгіме шындықты айту мен оны жасырудың төңірегінде болған соң, мына бір жағдайды сөз ете кетейін. Өткен жолы президент Назарбаев: «Оппозициялық газеттерді оқып отырамын», – деді ғой. Иә, қоғамның көлеңкелі тұстарын білу үшін, оппозициялық басылымдарды қарауы керек. Әйтпесе үкіметтің газеттерінен не табасың? Мысалы, үкіметтік газеттер бір шахтада жарылыс болса, соны да жазбайды. Тын болмағанда жарылыстың шығуына не себеп болғанын айту керек қой. Олар сол шындықты үкіметтен жасырып қалады. Яғни ел ішінде болып жатқан жағдайларды ел билігінен, президенттен жасырады. Демек, бұл – олар үкіметке қарсы жұмыс істеп отыр деген сөз. Егер оппозициялық басылымдар мемлекетке қарсы ақпарат құралдары болып саналса, онда болған оқиғаны үкіметтен жасырғандары үшін ресми басылымдар

нағыз қастықшыл басылым болуы керек емес пе. Өйткені олар елге қарсы жұмыс істеп отырғой.

*Тағы бір мысал: шетелге елдің біраз байлығын алып кеткен Храпунов сияқты қашқындарды ресми бір газет жазған жоқ. Демек, бұл істе олар Храпуновтың қолдайды. Онда мұндай басылымдар Храпунов сияқты ұрыларды жасырып, істің өрбүйне, тағы да қайтала-нуына үлес қосып отыр. Жарайды, Храпуновтың қылмысын жекелеген адамдар айтпай-ақ қойсын делік, бірақ оның ел байлығын ұрлап бара жатқан әрекетін елдің газеттері байдалам салып тұрып жазуы керек еді ғой. Өйтпеді! Неге? Бір сөзбен айтқанда, қылмысты айтпаудың да қылмыс екенін ресми ақпарат құралдары біле тұрып, қасақана істеп отыр.*

**—Дулат аға, қоғам осылай қорқыныш пен үнсіздікке тола берсе, бірте-бірте меңіреу, кеше халықта айналмаймыз ба, сізде осындаид үрей жоқ па?**

— Мұндай үрей қазірдің өзінде бар. Мен той-томалақ, өлім-жітімде көп боламын. Сондағы бір байқағаным – халықта бойкүйездік басым. Әңгімелесе қалсаң: «Ұлт мәселесін көтеріп жүрген азаматтар аман болсын!» – дегеннен артық ашық еш нәрсеге бармайды. Газеттерге мақала жазып, ел алдында сөз сөйлемейді. Толстойдың үнсіздік жайында: «Равнодушие – это подлость духа», – деп айтқан сөзі бар. Біздегі бейжайлыштың бұдан артық бағасы болмаса керек.

Біз дәл қазір өзіміздің құрдымға құлап бара жатқанымызды сезіп отырған жоқпыз. Қундердің бір күні шыңыраудың түбіне жақындағандағандағанда құніміздің біткенін сезетін шығармыз. Бірақ Құдай оның бетін ары қылсын! Менде қорқыныш көп. Халқымыздың саны небары – 9 миллион. Жаһандану деген мына заманда айналамызыдағы алпауыттарға жұтылып кетеміз бе деген үрей жаныма маза бермейді. Жұтылғанда да, мына қазақ тұяқ серіппей, үнсіз жұтылып кететін сияқты. Батырлардың ұрпағымыз деп кеуде кергеніміз болмаса, бойымызда асаулық жоқ. Бабадан қалған батырлық та байқалмайды.

### **КҮЛКІ КҮНІ КҮЛКІГЕ ҚАЛМАЙЫҚ**

*Қоғамды дүрліктірген «доктрина», «қазақстандық ұлт», «жерді жалға беру» сияқты қазақтық мәселелердің ортасында жүрсіз, Астана жақтан ескерту алған жоқсыз ба? Өткенде Президенттің әкімшілігінің бір басшылары Мәулен Әшімбаев пен Дархан Мыңбаев Алматыда апталап жатып, «аштық жариялаймыз» деген үлтжанды зиялыштардырайларынан қайтаруға үгіт жасаған екен. Сізге сондай сес көрсету болған жоқ па?*

— «Аштық жариялаймыз» деген кезде, Мәулен Әшімбаев пен Дархан Мыңбаевтың, Қазақстан Халқы ассамблеясы» төрағасының орынбасары Ерөлі Тоғжановтың Алматыға келгені рас. Бірақ олар маған үтіт жасап, сес көрсетті дей алмаймын.

Мәулен Әшімбаев келген кезде, келелі кеңес болды. Қанша айтқанмен, Сағат Әшімбаевтай тектінің ұлы емес пе. Әкесі Сағат көзі тірісінде Қазақ

теледидарынан «Қарыз бен парыз» бағдарламасын жүргізіп, «ұлттық дәстүр, ұлттық сана, ұлттық тіл» деп, ұлт үшін ұран салған азамат қой. Соны көріп, естіп өскен бала ғой... Әкеге жете туғаны сөзінен байқалады. Бірақ атқарып отырған қызметіне байланысты арқандаулы аттай, қазық айналып, дөңгелене береді еken. Дегенмен басқаларға қарағанда, Мәуленнің бұл мәселеде беті ашық. Біздің сөзімізді жоғарыға жеткізіп, келісімге келуге көмегін жасады. Өзім солай ойлаймын.

**– Дулат аға, сіз Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа арнаған соңғы Жолдауын тыңдай алдыңыз ба? Көңіліңізде қалған ойлармен белсініңші: не өзгеріс байқадыңыз, халыққа беті қараган биліктің сөзі естілді ме?**

– Иә, тыңдадым... Мен неге еkenін білмеймін, президенттің сөзіне риза боламын. Риза болатын себебім – Жолдауда қатты сөйледі. Сол сөзі үшін болса да, билікте президенттік таққа Назарбаевтан артық оппозиционер жоқ па деп ойладым. Бірақ, өкініштісі, айтқаны орындалмайды. Оның неге орындалмайтынын түсінбедім. Мүмкін, командастының түрі мен қарымы солай шығар. Бір сөзінде ашууланғаны сондай: «На хрена вы здесь сидите!» – деді. Бұдан артық қалай сөйлеу керек? Өткенде бір жолы Кәрім Мәсімовке: «Сен үстелді тоқпақтап сөйлей алмайсың!» – деп үрystы. Кейде өзінің санасымен жұмыс істемеген адамдарды қорқытып, айқайлап істету керек. Мәселен, құрылышыларға бастықтары неге ұрса береді десем, олар қожайындарының боқтығын естімесе, тілін алмайды еken ғой. Мұндайда қазақ: «Албасты қабаққа қарай басады» демей ме.

Ал Жолдауга келсек, бұл жылғысының былтырғыдан айырмашылығы жоқ. Дегенмен «1 сәуірден бастап, барлық салада жалақы мөлшерін көбейтеміз» деген уәде беріп отыр. Бірақ сол «1 сәуірінен» іш тартып отырмын. Ол күлкі күні емес пе еді? Уәде – күлкіге айналып, алданып қалмайық деп тілейік! Президент тағы бір сөзінде: «Министрліктің кеңселерінде бала-шага қаптап кетті», – деді. Бұл да – жән сөз. Егер осыны Назарбаевтан бұрын мен айтсам, онда оппозиционер атанар едім...

**– Сол Жолдауда ел президенті өз сөзінде 2020 жылдарға дейінгі стратегиялық бағдарламаның жобасын сөз қылды ғой. Бір қызығы, сол бағдарламада көрсетілген жайттарды айта келіп: «Мениң міндеттім – осы бағдарламаны жүзеге асыру», – деген сөз айтты. Назарбаев оны қалай жүзеге асырмақ, егер 2012 жылды оның президенттік мерзімі бітер болса? Ол отырған президенттік мерзімнің барлық заңды-заңсыз мүмкіндіктері бітпей ме? Әлде ол тағы да бір амалын тауып, президенттік таққа жабысып қалмақ па еken? Осының жәнін айта аласыз ба?**

– Мұның жәні – басы ашық түрған әңгіме ғой. Президент өткен жылдары «бірінші президент болған адам тақта қалағанынша отырады» деген конституциялық өзгертулер енгізіп алды емес пе. Ата Заңға енген дүниеге ешкімнің тісі батпайтыны анық. Оның үстіне, ол кісіні мәңгілік

президенттікке ұсынып жүрген жігіттер және бар. Мүмкін, бұл сөзін соған сүйеніп айтып отырған шығар. Дегенмен мәңгілік еш нәрсе болмайтынын хан да, қара да түсінуі керек.

– *Сыңаржақ саясаттың салқыны өнер мен әдебиеттегі кенделікке де келіп тірелетін сияқты. Қоғамда еркіндік пен азат ойдың ордасы болмаған соң, шығармашылық та ақсал жүрген жоқ па, аға?*

– Жоқ. Шығармашылық ақсады деген бұл пікірмен келісе алмаймын. Қазір не жазамын десен де, еркіндік бар. Тек кінә – өзіміздің іздену аямыздың тарлығындаға.

Дегенмен кейде менің жаңымды бір сұрақ мазалайды: әдебиеттегі жанкешті буын – менің замандастарым кеткеннен кейін, қазақ әдебиеті мұлде жетім қалатын шығар. Драматургияның тағдыры да – осы.

Қазақстанда бір қолдың саусағына жетерлік қана драматургтер бар. Бәрі – үлкен буын. Жастар – жоқтың қасы.

– *Дулат мырза, сол кенделіктің бір мысалын айтайынышы: өткен жылы біздің елде «Келін» деген өзгеши бір кино түсірілген еken, бұткіл әкім-қараның төңірегінде жүргендер патриот бола қалып, Қазақстанның әлемдік имиджіне нұқсан келеді деп, шыр-пыр болысты. Сол «Келін» американдық киноакадемияның шетелдік фильмдер сайысында алғашқы ондыққа кіріпті... Бұны қалай түсіндіресіз?*

– Мейлі, ол қандай сыйлық алса да, мен оны қазақтың киносы деп қабылдай алмаймын. Біздің режиссурада жүрген азаматтар шетелден сыйлық алу үшін картина жасамауы керек. Қазақ көретін дүние түсірсе, онда құба-құп!

– *Ал театр өнеріне көnlіңіз толып жүр ме?*

– Құдайға шүкір! Былтырғы жылы өткен театр фестивалінде көnlі толатын көп дүние көрдік. Драматургияны жоқ деп жүретін режиссерлер драматургияның тамаша тынысын мойындағы. Бірақ біздің театрда көnlілге толмайтын да кейбір мәселелер бар. Қазақ режиссерлері сырттан драма әкеліп қояды. Мәселен, қырғыздардан. Олардағы – біздің сахнада айтылған, жазылып жауыр болған тақырып, өзімізде бар дүниелер. Режиссерлерімізге оның өнін теріс айналдырып берсе, жаңа дүние сияқты қабылдайды. Мүмкін, бұл сөзіме режиссер азаматтар: «Дулат қызығанып отыр», – дейтін шығар. Мейлі, айтса, айта берсін. Менікі – көз көрген шындық, көкейге сыймаған әңгіме. Шетелден қандай жағдайда драма әкелу керек? Егер ол тақырып біздің драматургияда жазылмаған, көрермен көрмеген тақырып болса немесе бізде бар болғанымен, көркемдігі төмен болса – әңгіме басқа. Ал біздің режиссерлер басы-көzsіз шеттің дүниесіне жүгіре береді. Өзінде бардың қадіріне жетпейді. Әйтпесе Оралхан Бекейдің барлық шығармалары театрға өздігінен-ақ сұранып тұрған жоқ па?

– *Бір зерттеуші-сыншылардың айтудың, кеңестік үлгідегі Станиславскийдің драмалық дәстүрінен сыйылыш шықпайынша, біздің театр өнері үлттық бейнесін таппайды екен. Осы*

### **Қаншалықты орынды сөз?**

— Келісемін! Орынды сөз. Станиславскийдің драмалық дәстүрінен сытылып шығу үшін, өзіміздің ұлттық стильдегі театрлық, драмалық дәстүріміз болуы керек. Дәл қазіргі жағдайда бұл жүйеден біз шыға алмаймыз. Біз емес, Ресейдің өзі содан арыла алмай отырған жоқ па. Өйткені көрермендер менталитеті басқа. Біздің көрермен оқиғаның басы, ортасы, соны бар қойылым көргісі келеді. Өуелден солай қалыптасқанбыз...

### **«КЕҢЕСТИК КЕЗДІ САҒЫНЫП ЖҮРМІН»**

*Сіз ормандай орыс билеген кеңестік кезеңді де көрдіңіз, енді  
Назарбаев билеген Қазақстанның жылдық тәуелсіздігінде  
күн кешіп жатырсыз. Осы екі кезеңді салыстырған үлкен үрпақ  
өткен заманды неге сағынады деп ойлайсыз? Бұған бүгінгі  
заманың қатқылдығы себепкер ме, жоқ әлде «қой үстіне  
бозторғай жұмыртқалаған» өмірден өтіп кеттік пе?*

— Кеңестік кезді сағынатынам рас. Өсіреле соңғы кездері жиі сағынып жүрмін. Өйткені онда тәртіп, әділдік бар болатын. Қоғам болған соң, қиянат та өмір сүреді. Бірақ ол заманда дәл бүгінгідей бассыз әділетсіздік жоқ-тұғын. Қазір ұрыны ұстап берген адамның өзі ұсталады. Себебі, заманымыз, заңымыз солай. Яғни қазақта айтатын: «Күштінің арты диірмен тартатын» заман. Қазір біздің шенеуніктердің көбінде «қос азаматтық» төлкүжаттары бар. Бұл – олардың шетелге оп-оңай кетіп қалуына өзіміз ашып берген жол. Олай болатыны: кеңестік кездегідей қатал заң болмаған соң, мемлекет байлығын билікке қолы жеткен ит пен итақай жеп жатыр. Егер соларға бір күні тықыр таянса, екінші «отанына» кете салады. Оған өзіміз мүмкіндік жасап бердік.

Өнер адамдарын айтсақ, Совет үкіметінде жазушыларға берілетін қаламақы саясаты болды. Мәселен, сонау Маңғыстаудың бір аудандық газеті менің әңгімемді басса, міндетті түрде азды-көпті қаламақы беретін. Онымен жазушы байымайды. Бірақ ол – адал еңбегінің ақысы, бағасы. Ал қазір ең сұрауы жоқ нәрсе – жазушының еңбегі болды. Бұрын қаламгерге арналған семинарлар, іссапарлар жиі болатын. Ялта, Пицунда, Переделкино – бәрі біздің үйіміз еді ғой. Айлап жатып, шығармашылықпен айналысатын едік. Сол Ялтада жатып «Қарғынды» жаздым. Басқа да шығармаларым сол жерлерде басталды және аяқталды.

Жалпы, Одақтың кезінде адамның әлеуметтік жағдайы қорғалған, жүйелі, сапалы болатын. Кейбіреулер: «Тәуелсіздік алып, бәрін қайта құрдық, жасадық!» – деп жүр ғой. Жоқ, біз құрмадық, құрттық. Бұрынғы бар дүниелерден айырылдық. Бұқіл Совет Одағының үлкен аймағы – Қазақстан еді ғой. Бізде бәрі болған. Қазір бәрінен айырылдық. Қазақ демографиясының күре тамыры ауыл десек, ол кезде ауылдардың жағдайлары тамаша болатын. Тәуелсіздіктен соң оның да шаңырағын шайқалттық. Қысқасы, бәрін өз қолымызбен бұлдірдік. Міне, осындағы жағдайларды көріп отырған соң, Кеңестік заманды қалай сағынбайсың?!

*– Президентпен көп кездесіп жүрген қаламгердің бірісіз. Егер тағы бір кездесудің сәті түсіп жатса, ең алдымен «Дат, тақсыр!» – деп, не айтар едіңіз?*

– (Ойланып алып). Онда ең алдымен: «Президент мырза, тәуелсіз болып, ертоқымымызды түзегелі мүшел жастан астық. Сіз тәуелсіз қазақ елінің бірінші басшысысыз. Сондықтан қазаққа керексіз. Сол үшін қазақтың жайын көбірек ойланғаныңыз жөн. Мына жалған дүниеде мен де, сіз де мәңгілік қалмаймыз. Бірақ қазақ деген ұлт қалуы керек, сіз соған құш салыныңыз! Айналамыздың ұзындығы 12 мың шақырым, 10 миллион қазақты шекараға қойып қоримыз ба, жоқ жұмыс істейміз бе? Қазақ ұлтының саны артуы керек. Келімсектерден сақ болып, халық қазынасынан ішіп-жеп, сұраусыз шетел асып жатқан ішкі жауларыңыздан абай болыңыз!» – дер едім.

**Жұқамыр ШӘКЕ,**  
«D»